17.25 Х/ф «Успех»
20.00 «Аналитика»
20.50 Х/ф «Запасная жена»
01.45 «Команды»

АСТАНА
06.00 «Үздік әзілдер»
06.30, 23.30 Сериал «Кулфи»
07.50, 21.20 Сериал «Жат өмір»
09.00, 20.00 Сериал «Үкім-3»
10.25 «Алдараспан»
13.20, 15.30, 17.45, 00.50 Х/ф
22.30 Сериал «Жаралы жүрек»

КТК
07.05, 02.00 «Сені ғана»
08.05, 00.00 Х/ф «Было дело»
10.05 «Реформа»
10.35, 04.30 «Шымкент-шоу»
12.00 Сериал «Однажды в Чукурова»
14.00 Х/ф «Честная игра»
18.00 «Битва экстрасенсов. Реванш»
21.00 «Портрет недели»
22.00 Х/ф «Любовь на миллион»
05.40 «Әнім сен едің»

ХАБАР
05.00 «Cover show»
06.00 «Биіктік»
07.30 «Құс қанат ұмыр»
09.30 «Арнайы репортаж»
10.00, 21.00 Сериал «Алданған тағдыр»
11.00 «Өмір өрнегі»
12.00 М/ф «Белка и Стрелка Озорная семейка»
13.00 М/ф «Кот под прикрытием»
14.30 Х/ф «Моя вторая половинка»
16.30 Сериал «Ақ жеңге»
19.00 «МузАрт» – 25 жыл»
19.30 Қайрат Нұртастың жеке концерті
22.00 «7 күн»
22.40 Глобальные события
23.00 Х/ф «Дочь землекопа»
01.00 Сериал «Игра в судьбу»

31 КАНАЛ-АКТАУ
06.00, 05.10 «Әзіл студио»
07.00, 02.50 «31 әзіл»
08.00 «Тәтті шоу»
08.30 М/с «Губка Боб»
08.50 М/с «Черепашки-ниндзя»
09.20 «Готовим с Адель»
10.00 «TeleBingo»
10.30, 12.30 «Күліп All»
10.40 «Жаңа Конституция»
11.25 Сериал «Десант. Көкпен сырласу»
12.00, 03.50 «TikTok show»
13.10 Х/ф «Волки и овцы»
15.10 Х/ф «Тайна Коко»
17.20 Х/ф «Малефисента: владычица тьмы»
20.00 «Al Бәрекелді»
22.20 Х/ф «Крид: наследие Рокки»
01.20 «Bizdin show»
04.10 «Time Vine»
04.30 «1001 әзіл»
04.40 «Bala battle»
05.30 «Ризамын»

MAN'G'YSTAY'
07.05 Инновейшин
07.10 Сериал «Топырақ пен Хауа»
08.00 «Сәлем, Маңғыстау!»
09.00 «Кесім мен шешім»
09.30 «Ер қанаты»
10.00, 19.00 «Шамшырақ»
10.50 Елеусіз ерлік
11.00 Сериал «Фазилет ханым»
12.30 «Маңғыстау мақтаныштары»
13.00, 20.00 «Бір жеті»
13.30, 21.30 «Aralike»
14.00 «Дара»
15.00 -18.00 Техникалық үзіліс
18.00 Ақтау life
19.50 Қасиет қонған Маңғыстау
20.30 Арнайы репортаж
21.00 «Cofee break»
22.00 Әуезді әуен
22.30 Сериал «Феруха»

НТК
07.00 «Қызық Live»
08.00, 01.10 «Жаңа казахи»
09.00 «Insta like»
09.30 Х/ф «Крутые яйца: миссия «Пингвин»
11.10 Х/ф «Пингвины мадагаскара»
13.00 Х/ф «Правила съема: метод Хитча»
15.30 Х/ф «Небоскрёб»
17.40 Х/ф «13 часов: тайные солдаты Бенгази»
20.30 Х/ф «Не пойман – не вор»
23.00 «Taboo»
01.50 «Ұ- Night Show»
03.10 «Insta TV»
04.00 «Екі езу»

7-АРНА
05.30, 09.00, 18.00, 02.10 Сериал
07.00, 20.00 Сериал «Запретная любовь»
13.20 Х/ф «Моя большая казахская семья»
15.40 Х/ф «Моя большая казахская семья. Операция «Бажухи»
22.10 Сериал «Далекий город»
23.10 Х/ф «Давай, сынок!»
01.40 «Әзілің жарасса»
03.10 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
04.00 Тазалық уақыты
04.47 Сериал «Өсекшілер»

JIBEK JOLY
00.00, 18.00 Жақсы адамдарым
02.00 Төрлетіңіз!
03.30 JJ music
04.15 Muz.Live
05.00 Х/ф «Охранник»
07.00 М/с «Маша мен Ая»
12.30 М/с «Фиксиктер»
13.00 Х/ф «Боб Тревино поставил лайк»
15.00 «100 Sarbaz»
16.00 Тұрсынбек Қабатовтың концерті «Сахнада 20 жыл»
20.00 Х/ф «Время убивать»
22.30 Х/ф «Ной»

РАЗМЕЩЕНИЕ РЕКЛАМЫ
на страницах областной общественно-политической газеты «Огни Мангистау»
Телефоны: 20-48-42, 8 778 145 9093.

КАБЕЛЬНОЕ ТВ

ПЕРВЫЙ КАНАЛ
06.00, 10.00, 12.00, 18.00 Новости
06.10 «Играй, гармонь любимая!»
06.55 «Часовой»
07.25 «Здоровье»
08.30 «Золотая коллекция «Союзмультфильма»
09.10 «Непутевые заметки»
09.30 «Мечталлион»
10.15 «Жизнь своих»
11.10 «Ко Дню космических войск. Предел человеческих возможностей. Запредельщики»
12.15 «Будем жить!»
13.10 Сериал «Щит и меч»
15.55 Сериал «Знахарь»
19.00 «Точь-в-точь»
21.00 «Время»
23.00 «Большая игра»
00.00 «Artmasters»
01.30 Подкаст. Лаб

РТР
04.50 Х/ф «Дамское танго»
06.20 «Диалоги о животных»
07.00 Местное время. Воскресенье
07.30 «Письма из провинции»
07.55 «Когда все дома с Тимуром Кизяковым»
08.40 «Утренняя почта с Николаем Басковым»
09.15 «Сто к одному»
10.00, 13.00, 16.00 Вести
10.40, 00.25 «Денис Давыдов»
11.55 «Судьба человека с Борисом Корчевниковым»
13.30 Вести. Местное время
14.15 Большой праздничный концерт, посвящённый Дню работника атомной промышленности
16.55 «Песни от всей души»
19.00 Вести недели
21.00 «Киселёв»
21.30 Москва. Кремль. Путин
22.00 «Воскресный вечер с Владимиром Соловьевым»
01.25 Х/ф «Сердечных дел мастера»

НТВ-МИР
09.05 «Таинственная Россия»
10.00, 12.00, 18.00 «Сегодня»
10.20 «Центральное телевидение»
12.20 «Цифровые расследования»
12.55 «Первая передача»
13.25 «Чудо техники»
14.15 «Дачный ответ»
15.15 «Праздничный концерт ко Дню учителя»
17.05 «Своя игра»
18.20 «Человек в праве»
19.00 «Скандалы. Интриги. Расследования»
20.00 «Новые русские сенсации»
21.00 Итоги недели
22.20 «Ты супер! 10 лет спустя»
01.10 «Звёзды сошлись»
02.35 «Основано на реальных событиях»
07.20 Сериал «Агентство скрытых камер»

ТНТ
06.00, 08.30, 01.30 Сериал «Однажды в России»
08.00 «На высоте»
09.30 «Новая Битва экстрасенсов»
15.00 «Экстрасенсы. Реванш»
17.00 «Звезды в джунглях»
20.00 «Титаны»
22.45 «Шоу Воли»
00.05 «Идеальное ограбление»
04.00 «Утро ТНТ»
04.50 Сериал «Саша Таня»

КУЛЬТУРА
08.30 М/ф «Ну, погоди!»
09.45 Х/ф «Цена»
11.35, 02.50 «Диалоги о животных. Пермский зоопарк»
12.20 Больше чем любовь
13.00 Х/ф «Стрекоза»
14.35 Неизвестные маршруты России. «Тульская область. Из Крапивны в Белёв»
15.20 «Невский ковчег. Теория невозможного. Флориан Жиль»
15.45 Игра в бисер. Николай Лесков. «Леди Макбет Мценского уезда»
16.30 Х/ф «Странная любовь Марты Айверс»
18.30 «Картина мира»
19.10 «Пешком...»
19.40 «Чистая победа. Битва за Москву»
20.30 «Романтика романса»
21.30 Новости культуры
22.25 Х/ф «Прощальные гастроли»
23.35 Трансляция праздничного концерта «Сияние Сириуса» в день рождения Концертного центра «Сириус»
01.20 Х/ф «Любимая девушка»
03.30 Искатели. «Вещие сны: правда или вымысел?»
04.35 М/ф «Как один мужик двух генералов прокормил»

ВРЕМЯ
07.00 «На ночь глядя»
07.40 «Наедине со всеми»
08.30 «Жизнь как в кино»
09.10 Сериал «Агент национальной безопасности»
03.00 «Николай Еременко. Последний пылко влюбленный»
04.00 «Порядок вещей»
04.50 «Роли исполняют…»
05.40 «По волне моей памяти»

РЕН-ТВ
05.00, 00.55 «Самые шокирующие гипотезы»
06.00 «С бодрым утром!»
08.30, 12.30, 16.30 Новости
09.00 «Самая народная программа»
10.00 «Знаете ли вы, что?»
11.00 «Наука и техника»
12.00, 16.00 «Информационная программа 112»
13.00 «Неизвестная история»
14.00 «Легенды и мифы»
16.55 «Что мы знаем о планете Земля?»
17.55, 23.55 Документальный спецпроект
18.55 Х/ф «Медальон»
20.45 Х/ф «Гемини»
23.00 «Итоговая программа»

ДОМ КИНО
08.10 М/ф «Смешарики. Дежавю»
09.30 М/ф «Белка и Стрелка. Карибская тайна»
11.05 М/ф «Все псы попадают в рай»
12.35 Х/ф «Батя»
14.00 Сериал «За полчаса до весны»
23.35 Х/ф «В баню!»
01.35 Х/ф «Семейный бюджет»
03.30 Х/ф «Страна чудес»
04.45 Х/ф «Родные»
06.15 Х/ф «Красотка в ударе»

КИНОКОМЕДИЯ
02.55 Х/ф «Эйр Америка»
05.00 Х/ф «Шестой элемент»
06.45 Х/ф «Бывший в помощь»
08.30 Х/ф «Свадебный переполох»
10.25 Х/ф «Супербратья Марио»
12.20 Х/ф «Шпион по соседству»
14.05 Х/ф «Особенности национальной охоты»
16.00 Х/ф «Особенности национальной рыбалки»
17.50 Х/ф «Сокровища гномов»
19.40 Х/ф «Как я стал русским»
21.30 Х/ф «Я худею»
23.25 Х/ф «Наша Russia. Яйца судьбы»
00.55 Х/ф «Начни сначала»

РУССКОЕ КИНО
06.30 М/с «Простоквашино»
07.50 М/с «Три кота»
08.50 М/с «Смешарики»
10.30 М/с «Бодо Бородо IT»
11.00 Х/ф «Женская версия. Тайна партийной дачи»
14.30 Х/ф «Василиса и хранители времени»
16.15 Х/ф «Маша и медведи»
17.35 Х/ф «Простоквашино»
19.15 Х/ф «Пара на пару»
20.55 Х/ф «Тюльпаны»
22.30 Х/ф «Любви не бывает?»
00.15 Х/ф «По любви»
01.35 Х/ф «Срочно выйду замуж»
03.20 Х/ф «Друг на продажу»
04.55 М/ф «Чинк: Хвостатый детектив»
06.20 М/ф «Сестрица Алёнушка и братец Иванушка»

КИНОХИТ
03.20 Х/ф «Грэйс и Джо. История любви»
05.05 Х/ф «Лучшее впереди»
06.50 Х/ф «Комната чудес»
08.25 Х/ф «Призрак и тьма»
10.05 Х/ф «Место встречи»
11.45 Х/ф «За пределами закона»
13.20 Х/ф «22 пули: Бессмертный»
15.10 Х/ф «Главная гонка»
16.55 Х/ф «Империя волков»
19.00 Х/ф «Ловкие руки»
20.30 Х/ф «Беглец»
22.20 Х/ф «Полный облом»
23.40 Х/ф «Девушка с жемчужной сережкой»
01.15 Х/ф «Хорошая женщина»

PREMIERE
06.50 Х/ф «Два, три, демон, приди!»
08.15 Х/ф «Дракула»
10.15, 04.40 Х/ф «Он – это пуля»
12.05 Х/ф «Случайный выстрел»
14.15 Х/ф «По следу»
15.40 Х/ф «Семейный призрак»
17.00 Х/ф «Папа может»
18.25 Х/ф «Уволить Жору»
19.50 Х/ф «Отчаянные наследники»
21.25 Х/ф «Досье «Черная канарейка»
23.00 Х/ф «Балерина»
00.50 Х/ф «Герцогиня»
02.40 Х/ф «Карающая длань»

TV-1000
08.45 Х/ф «Библиотекарь: В поисках копья судьбы»
10.40 Х/ф «Библиотекарь-2: Возвращение в Копи царя Соломона»
12.25 Х/ф «Библиотекарь-3: Проклятие иудовой чаши»
14.05 Сериал «Хадсон и Рекс»
17.15 Х/ф «Отпетые напарники»
19.15 Х/ф «Шпион по соседству»
21.00 Х/ф «Агент Джонни Инглиш»
22.35 Х/ф «Агент Джонни Инглиш: Перезагрузка»
00.25 Х/ф «Агент Джонни Инглиш 3.0»
02.00 Х/ф «Голодные игры: И вспыхнет пламя»
04.15 Х/ф «Голодные игры: Сойка-пересмешница. Часть I»
06.05 Х/ф «Голодные игры: Баллада о змеях и певчих птицах»

РУССКИЙ ИЛЛЮЗИОН
08.25, 03.30 Х/ф «Призрак»
10.15, 05.20 Х/ф «Адам и Ева»
11.50 Х/ф «Маруся»
13.20 Х/ф «Полное дыхание»
15.15 Х/ф «Красотка в ударе»
17.00 Х/ф «В стиле Jazz»
18.40 Х/ф «Одна война»
20.20 Х/ф «Культурная комедия»
22.00 Х/ф «Однажды со мной»
23.25 Х/ф «Смотри на меня!»
01.35 Х/ф «Клятва»
06.45 Х/ф «Новогодняя поэма»

ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ВКЛАДЧИКОВ

Гульмира СУТУБАЕВА

В селе Курык Каракиянского района прошел день открытых дверей АО «ЕНПФ», посвященный новым возможностям управления пенсионными накоплениями. Специалисты фонда рассказали жителям района об изменениях в Социальном кодексе Республики Казахстан, вступивших в силу 7 сентября текущего года, и новых возможностях вкладчиков по управлению своими пенсионными накоплениями.

Одно из главных нововведений связано с расширением возможностей передачи пенсионных накоплений в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП). Теперь вкладчики получили возможность передавать в доверительное управление УИП до 100 процентов своих пенсионных накоплений.

– Изменения направлены на то, чтобы расширить возможности вкладчиков и предоставить им больше инструментов для самостоятельного участия в управлении пенсионными накоплениями. Вкладчик может определить объем средств, который он хотел бы передать в доверительное управление, выбрать управляющего и соответствующую инвестиционную стратегию, – отметила начальник отдела выездного обслуживания Мангистауского областного филиала АО «ЕНПФ» Айдана Бекмаганбетова.

В ходе встречи участникам разъяснили, кто может воспользоваться новыми возможностями. В частности, самостоятельно определить объем передаваемых накоплений, выбрать одного или нескольких УИП, а также инвестиционные портфели могут вкладчики, за которых перечисляются обязательные пенсионные взносы (ОПВ), добровольные пенсионные взносы (ДПВ), а также физические лица, за которых перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ) и ДПВ, в соответствии с требованиями законодательства.

Особое внимание специалисты ЕНПФ уделили информационной платформе invest.enpf.kz, которая объединяет сведения об инвестиционном управлении пенсионными активами.

Платформа позволяет вкладчикам ознакомиться с информацией о доходности инвестиционных портфелей, сравнить показатели за выбранные периоды, изучить стратегии различных управляющих и получить сведения о портфелях, находящихся в управлении Национального банка Республики Казахстан и УИП.

– При выборе управляющего важно принимать решение на основе полной и достоверной информации. Именно для этого создана платформа invest.enpf.kz. На ней вкладчик может самостоятельно ознакомиться с показателями инвестиционных портфелей в динамике, сравнить их и получить представление о применяемых инвестиционных стратегиях, – пояснила Айдана Бекмаганбетова.

Вопрос выбора УИП вызвал у участников встречи особый интерес. Специалисты ЕНПФ рассказали о порядке передачи пенсионных накоплений в доверительное управление, условиях выбора инвестиционных портфелей, а также ответили на вопросы о механизмах защиты пенсионных накоплений.

– Наша задача – подробно и доступно объяснить вкладчикам, как работают новые механизмы. Перед принятием решения человек должен понимать, какие возможности ему предоставлены, как получить необходимую информацию и каким образом осуществляется перевод пенсионных накоплений в доверительное управление, – подчеркнула представитель ЕНПФ.

Встреча продолжилась в формате открытого диалога. Жители Каракиянского района и представители средств массовой информации задавали вопросы, касающиеся как новых возможностей управления пенсионными активами, так и других аспектов накопительной пенсионной системы Казахстана.

По мнению участников, подобные встречи помогают лучше разобраться в изменениях пенсионного законодательства и получить ответы непосредственно от специалистов фонда.

День открытых дверей в селе Курык стал площадкой для открытого обсуждения вопросов, которые имеют непосредственное значение для будущего пенсионных накоплений граждан. Полученная информация позволит вкладчикам более осознанно подходить к изучению возможностей, предоставленных обновленным пенсионным законодательством.

Нотариус г.Актау Жариева С.Ш.
РАЗЫСКИВАЕТ НАСЛЕДНИКОВ
гр. **Аминова Беріка,**
умершего 22.03.2026 года. Обращаться со дня опубликования объявления в нотариальную контору, расположенную по адресу: Мангистауская обл., г. Актау, 26 мкр., дом 22, 134 кв., тел. +7701 7773139.

№ 452

Нотариус Мунайлинского района Карабашева А.Н.
РАЗЫСКИВАЕТ НАСЛЕДНИКОВ
гр**. Карамырзаева Габита Баяндыевича,**
умершего 05.07.2026 года. Наследников или лиц, имеющих информацию о месте нахождения таковых, прошу обращаться в течение 4 месяцев после опубликования объявления по адресу: Мангистауская обл., Мунайлинский р-н, с. Мангистау, квартал 19, дом 11, оф. 2.

№ 456

ОБЪЯВЛЕНИЕ ОБ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЯХ

1. ***Наименование проекта*** «НПС «Каражанбас». Строительство котельной».
2. ***Территория воздействия:*** Тупкараганский район, с. Таушык. Географические координаты 44°20′25″с. ш., 51°21′03″в. д.
3. ***Место проведения:*** Тупкараганский район, с. Таушик, Дом культуры.
Общественные слушания состоятся: в 15. 00 час 29 октября 2026 года.
Ссылка на онлайн - подключение: подключиться к конференции Zoom https://us04web.zoom.us/j/73885015777?pwd=IzS0o4alO3r4ckMw7bLbGGIzhZbH6b.1
Идентификатор конференции **738 8501 5777**
Код доступа **0VdqUTr**
4. ***Инициатор намечаемой деятельности:*** МНУ АО «КазТрансОйл», БИН: 970540000107, тел. 87292 479254.
5. ***Разработчик:*** филиал ЦИР АО «КазТрансОйл» ПСБ, г. Актау, БИН: 000941000473, представитель Канатбаева Г, тел.87292479369; эл почта: Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz
6. ***С проектной документацией можно ознакомиться*** в информационной системе https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco. Замечания и предложения направляются не позднее 3 раб. дней до даты проведения слушаний в информационную систему https://ndbecology.gov.kz/ и в МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской обл.», г. Актау, 14 мкр., зд. 1, mangystautabigat@gmail.com
7. ***Дополнительную информацию*** по материалам проекта можно получить у инициатора по адресу: г. Актау, мкр. 8, зд. 38Б и по тел. 479254.
8. ***Электронная почта*** управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области mangystautabigat@gmail.com

№ 455

Редакция не несет ответственности за содержание, стилистику и орфографию рекламных материалов. Редакционная правка не проводилась.

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№81 (10588) 24 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ АППАРАТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕҢЕСІН ӨТКІЗІП, ЕЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАДЫ. СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ АЛҒАШҚЫ СЕССИЯСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНІП, ЕРЛАН ҚОШАНОВ ОНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНДЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ АППАРАТЫНЫҢ КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ

Президент, Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев дербес мемлекеттік орган ретінде құрылған Қауіпсіздік кеңесі аппаратының алғашқы кеңесін өткізді

Мемлекет басшысы аппараттың жаңа мәртебесін мемлекеттік институттарды реформалау үдерісімен сабақтастыра қарастыру қажет екенін атап өтті. Әлемдік ахуал құбылып тұрған кезеңде. Қауіпсіздік кеңесі аса маңызды мәселелер бойынша нақты әрі жанжақты сараланған шешімдер қабылдайтын орталыққа айналуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі сын-қатерлердің сипаты едәуір өзгергеніне назар аударды. Осы орайда киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жасанды интеллектіні қолдануға баса мән берілді.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы алдағы уақытта өзектілігі арта түсетін ақпарат, технология, азықтүлік, су және энергетика қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше тоқталды. Президент аталған салалардағы басымдықтарды белгілеп, «Заң мен тәртіп» қағидатын негізгі бағдар ретінде атады. Кеңес қорытындысы бойынша аппаратқа бірқатар нақты міндеттер жүктелді. Қазақстанның ұлттық мүддесін, егемендігі мен тұрақтылығын қорғау Қауіпсіздік кеңесі жұмысының тиімділігін айқындайтын басты өлшем болуға тиіс.

ЕРЛАН ҚОШАНОВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Ерлан Қошанов Қазақстан Халық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Оның кандидатурасын Халық кеңесінің бірінші сессиясында Мемлекет басшысы ұсынды.



«Бұл – конституциялық мәртебесі бар, беделді лауазым. Сондықтан бұл лауазымға елге белгілі, халық пен биліктің арасында дәнекер болатын азамат келуге тиіс деп санаймын. Осының бәрін ескере отырып, мен Ерлан Жақанұлы Қошановтың кандидатурасын ұсынамын. Бұл азаматты бәріңіз жақсы білесіздер, жауапкершілігі жоғары, білікті, тәжірибесі мол тұлға. Ол мемлекеттік қызмет жүйесінде ұзақ жыл еңбек етті, бұл жұмысты абыроймен атқарды. Мәжіліс төрағасы ретінде ауқымды реформаларды іске асыруға белсене атсалысты. Енді Халық кеңесі төрағасы ретінде табысты жұмыс істеп, қоғамдық келісімді нығайтуға мол үлес қосатынына күмәнім жоқ. Сондықтан Ерлан Жақанұлы Қошановтың кандидатурасына мұқият назар аударып, қолдайсыздар деп сенемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент консультативтік мекемеге кәсіби білігі жоғары мамандар, абырой-беделі зор, нағыз отаншыл азаматтар мүше болғанын айтты.

«Олардың қатарында жұртшылыққа белгілі тәжірибелі тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен көптеген белсенді азаматтар бар. Құрылтайдың алғашқы отырысында айтып өткенімдей, ауқымды реформалардың арқасында мемлекеттік басқару ісіне жаңа, жасампаз, озық ойлы азаматтардың келуіне жол ашылды. Ел мүддесі үшін адал қызмет ету – зор мәртебе әрі қастерлі парыз. Осы орайда сіздерге – Халық кеңесінің әрбір мүшесіне ерекше жауапкершілік жүктеліп отыр. Сіздер ел игілігі үшін табанды еңбек етіп, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосасыздар деп сенемін. Ырысты ынтымағымызды, қоғамдық келісімді күшейту үшін белсенді түрде еңбек етесіздер деп ойлаймын», – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан Халық кеңесінің алдында тұрған міндеттерге ертең алғашқы сессияның негізгі отырысында кеңірек тоқталады.

Дауыс беру қорытындысы бойынша Ерлан Қошанов Қазақстан Халық кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Еске салайық, бұған дейін Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Халық кеңесінің құрамы бекітілді. Халық кеңесіне 126 азамат енді.

AKORDA.KZ

АДАЛ ЕҢБЕК ИЕЛЕРІ АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

ЕЛІМІЗДЕ ЕҢБЕК КҮНІ ҚЫРКҮЙЕКТІҢ СОҢҒЫ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ТОЙЛАНАДЫ. БҰЛ КҮН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН 2013 ЖЫЛҒЫ ҚАРАШАДА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ ДӘСТҮРЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕКТІҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНУ МАҚСАТЫНДА БЕКІТІЛГЕН ЕДІ. ШЫН МӘНІСІНДЕ, ЕҢБЕК КҮНІ – АДАМДАРДЫ ЖАҢА ЕҢБЕК ШЫҢДАРЫН БАҒЫНДЫРУҒА ЫНТАЛАНДЫРУҒА, ҚОЛДАУҒА ЖӘНЕ ШАБЫТТАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕ.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай Еңбек күніне арналған «Еңбек – елдің тірегі» атты салтанатты іс-шараға қатысты. Аймақ басшысы өңір экономикасын нығайтуға және дамытуға үлес қосқан жұмысшы мамандықтары өкілдерін құттықтап, еңбек адамдары мен конкурс жүлдегерлерін марапаттады.

Жиынға еңбек саласының ардагерлері, кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, жас мамандар қатысты. Іс-шара аясында грант алып, өз кәсібін ашқан кәсіпкерлердің өнімдері қойылған көрме ұйымдастырылды.



Облыс әкімі өз сөзінде адал еңбектің қоғам дамуындағы маңызына тоқталып, еңбек адамдарының еңбегін дәріптеу мен жастарға өнеге көрсету маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы мемлекетіміздің тұрақты дамуына жасампаз ісімен үлес қосып келе жатқан нағыз еңбекқор жандар қашанда қоғамның назарында болуға тиіс екенін, ал жастарымыз соларға қарап бой түзеуі керек екенін атап өтті.

– Еңбек күні – елдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет көрсететін маңызды мереке. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, еңбекқорлық, іскерлік, жауапкершілік пен білімге ұмтылу– адал азаматқа тән қасиеттер. Бүгін біз өз ісінің шебері атанған еңбек адамдарын, үздік еңбек әулеттерін және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары кәсіпорындарды марапаттап отырмыз. Олардың еңбегі кейінгі буынға үлгі болады, – деді Нұрдәулет Қилыбай.



Салтанатты іс-шара барысында «Еңбек жолы» және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурстарының өңірлік кезеңі қорытындыланып, жүлдегерлер марапатталды.

«Еңбек жолы» конкурсы бойынша «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» және «Үздік жас маман» номинацияларының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне марапаттар табысталды. Ал «Парыз» конкурсы аясында «Экологияға қосқан үлесі үшін», «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт» номинациялары бойынша үздік кәсіпорындар анықталды. Сонымен қатар өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби біліктілігімен ерекшеленген бірқатар азаматқа облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Мерекелік іс-шара соңында еңбек адамдарының қоғамдағы мәртебесін арттыру, еңбек дәстүрлерін дәріптеу және жас ұрпаққа өнеге ету бағытындағы жұмыстардың маңызы айтылды.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

МҮГЕДЕКТІК ҚАЛАЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ: медициналық-әлеуметтік сараптама азаматтың ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАЙДЫ?

МҮГЕДЕКТІК ТЕК АДАМНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ДИАГНОЗЫ НЕМЕСЕ АУРУЫНЫҢ БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БЕЛГІЛЕНБЕЙДІ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА АЗАМАТТЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН, ОРГАНИЗМ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН ЖӘНЕ ОСЫ БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ АДАМНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘСЕР ЕТЕТІНІН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ БАҒАЛАЙДЫ.

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің орынбасары– Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларымен» реттеледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптама кезінде бірінші кезекте не бағаланады?

Сараптама барысында адамның денсаулық жағдайы ғана емес, аурудың немесе жарақаттың салдарынан пайда болған организм функцияларының тұрақты бұзылыстары және олардың адамның тыныс-тіршілігін шектеу деңгейі ескеріледі.

Атап айтқанда:

– адамның өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігі;
– өздігінен жүріп-тұру қабілеті;
– бағдарлануы;
– қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;
– өзінің мінез-құлқын бақылауы;
– оқу мүмкіндігі;
– еңбек қызметін жүзеге асыру мүмкіндігі;
– күнделікті өмірдегі белсенділігі;
– техникалық және басқа да оңалту құралдарына қажеттілігі бағаланады.

Диагноздың болуы мүгедектікті белгілеуге жеткілікті ме?

Жоқ. Мысалы, азаматта белгілі бір созылмалы аурудың болуы өздігінен мүгедектік тобы белгіленеді дегенді білдірмейді.

Медицналық-әлеуметтік сараптама ұсынылған медициналық құжаттарды, зерттеу нәтижелерін, емдеу және оңалту шараларын, сондай-ақ адамның функционалдық жағдайын қарайды. Егер ауру организм функцияларының тұрақты бұзылуына және адамның тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкелсе, бұл жағдайлар мүгедектікті белгілеу критерийлері тұрғысынан бағаланады.

Яғни шешім диагноздың атауына ғана емес, аурудың салдарына және адамның функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты қабылданады.

Мүгедектік тобы қалай анықталады?

Мүгедектік тобы организм функцияларының бұзылу дәрежесіне және адамның тыныс-тіршілігінің шектелу деңгейіне қарай анықталады.

Қолданыстағы қағидаларда кейбір аурулар мен қайтымсыз ақаулар кезінде мүгедектік тобы мен еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеудің нақты критерийлері көзделген. Мысалы, белгілі бір ауыр және тұрақты функционалдық бұзылыстар бірінші немесе екінші топқа сәйкес келетін жағдайларға жатқызылуы мүмкін.

Бұл ретте әрбір азаматтың жағдайы жеке қаралады.

Мүгедектік мерзімсіз белгілене ме?

Кейбір жағдайларда мүгедектік қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайларға қағидаларда көрсетілген қайтымсыз ақаулар мен аурулар, сондай-ақ организм функцияларының тұрақты әрі қалпына келмейтін бұзылыстары жатады.

Мерзімсіз мүгедектік белгілеу үшін заңнамада нақты критерийлер қарастырылған. Сондықтан мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуі де тек медициналық диагноздың атауына байланысты емес, белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

МӘС-тің тағы бір маңызды міндеті – оңалту қажеттілігін анықтау

МӘС барысында азаматтың әлеуметтік қорғау және оңалту шараларына қажеттілігі де анықталады.

Адамға қажет болған жағдайда техникалық оңалту құралдары, жүріп-тұру құралдары, протездік-ортопедиялық құралдар, санаторийлік-курорттық емдеу және басқа да оңалту шаралары бойынша ұсынымдар қалыптастырылуы мүмкін. Бұл ретте қажеттілік адамның нақты функционалдық мүмкіндіктері мен күнделікті өміріндегі шектеулеріне қарай анықталады.

МӘС-ке кім жолдайды?

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға азамат медициналық ұйым арқылы жолданады. Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясы азаматтың медициналық жағдайын бағалап, қажетті тексерулер мен емдеу шаралары жүргізілгеннен кейін МӘС-ке жолдау мәселесін қарайды.

МӘС-ке ұсынылатын медициналық құжаттарда азаматтың денсаулық жағдайы, жүргізілген емдеу, аурудың динамикасы және функционалдық бұзылыстары туралы қажетті мәліметтер көрсетілуі тиіс. №260 бұйрықта МӘС жүргізу және қажетті құжаттарды ұсыну тәртібі белгіленген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Медициналық-әлеуметтік сараптаманың негізгі мақсаты – адамның диагнозын ғана анықтау емес, денсаулық жағдайының оның өмір сүруіне, күнделікті белсенділігіне, өзіне-өзі қызмет көрсетуіне және еңбек ету мүмкіндігіне нақты әсерін бағалау.

Сондықтан мүгедектікті белгілеу кезінде медициналық диагнозбен қатар организм функцияларының бұзылуы, тыныс-тіршіліктің шектелу деңгейі және азаматтың әлеуметтік қорғау мен оңалту шараларына қажеттілігі ескеріледі.

МӘС шешімі қолданыстағы заңнамада белгіленген медициналық-әлеуметтік критерийлер негізінде қабылданады.

319 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында азаматтардың қажеттілігіне бағдарланған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Бүгінде әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі кеңінен дамып келеді. Бұл модель азамат пен мемлекеттік аппарат арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтіп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде азаматтардың құқықтарын барынша қорғауға бағытталған.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты 319 қызмет алушының бұзылған құқығын қалпына келтірді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау жұмыстары департаментке түскен өтініштер бойынша жүргізілген жоспардан тыс тексерулер мен сұрау салулар, проактивті қашықтықтан бақылау, сондай-ақ «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүзеге асырылды.

Құқықтары қалпына келтірілген қызмет алушылардың басым бөлігінің өтініштері жер қатынастары және сәулет қала құрылысы салаларындағы мемлекеттік қызметтерге қатысты болды.

Жыл басынан бері департаментке барлығы 81 шағым келіп түсті. Жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде 8 қызмет алушының, ал сұрау салулар арқылы 49 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Бір шағым – бір баланың білім алу құқығы

Мәселен, департаментке Ақтау қаласының тұрғыны баласын бірінші сыныпқа қабылдау мәселесі бойынша жүгінген.

Азамат жалпы білім беретін мектепке «Құжаттарды қабылдау және балаларды 1-сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш берген. Алайда білім беру ұйымы баланы бірінші сыныпқа қабылдаудан бас тартып, қабылданған шешімнің нақты себептерін көрсетпеген.

Қызмет алушы аталған шешіммен келіспей, департаментке шағымданған.

Шағым негізінде білім беру ұйымына жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде азаматтың уәждері расталды. Тексеру қорытындысы бойынша қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтіріліп, оның баласы жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына қабылданды.

Осылайша, департамент азаматтың заңмен қорғалатын құқығын қалпына келтіру бойынша тиісті шараларды қабылдады.

Проактивті бақылау да өз нәтижесін беруде департамент азаматтардың шағымын күтпестен, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына проактивті қашықтықтан бақылау жүргізеді.

Осындай бақылау нәтижесінде 95 қызмет алушының, ал «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүгінген 1 қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Сонымен қатар анықталған заң бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде 45 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету барысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге, қызмет көрсетуші мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға бағытталған.

Құрметті облыс тұрғындары! Мемлекеттік қызмет алу барысында заңнама талаптарының бұзылуына, қызмет көрсетуден негізсіз бас тартуға немесе белгіленген мерзімдердің сақталмауына тап болған жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне немесе «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүгіне аласыздар.

Мекенжай: Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 71-ғимарат, 2-қабат.

Байланыс телефондары: 8 (7292) 30-26-40, 8 (7292) 30-26-15.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

«МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРЛІК ЭЛЕКТРТОРАПТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТАРИФТЕРІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАННАН БАСТАП ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

«Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «МӨЭК» АҚ) қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне (бұдан әрі – департамент) алдағы уақытта электр энергиясының шекті бағадан жоғары көтерілуі туралы хабарлама, сондай-ақ бағаның көтерілу себептерін растайтын негіздеуші материалдар мен бағаға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынды.

Департамент жүргізетін сараптама нәтижелерін ескере отырып, электр энергиясының тарифтерін **2026 жылғы 1 қазаннан** бастап өзгерту жоспарлануда.

«МӨЭК» АҚ тарапынан сараптама жүргізу үшін ұсынылған электр энергиясының бағалары:

– Электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтер көрсетумен байланысты емес, өзінің тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар үшін – **24,39 теңге/кВт·сағ, ҚҚС-сыз;**

– Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушылар үшін – **44,16 теңге/кВт·сағ, ҚҚС-сыз;**

– Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданының тұтынушылары үшін – **41,16 теңге/кВт·сағ, ҚҚС-сыз;**

– Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды қоспағанда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық инвестициялық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі олармен үлестес заңды тұлғалар, ұлттық инвестициялық холдинг, ұлттық компаниялар мен ұйымдар үшін – **73,85 теңге/кВт·сағ, ҚҚС-сыз;**

– Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумағында орналасқан тұтынушылар, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына ведомстволық бағынысты ұйымдар мен оның ведомстволары, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілер үшін – **37,00 теңге/кВт·сағ, ҚҚС-сыз.**

Назар аударыңыз! Жоғарыда көрсетілген бағалар департаментке сараптама жүргізу үшін ұсынылған бағалар болып табылады және департамент жүргізетін сараптама нәтижелері бойынша өзгеруі мүмкін.

Департаменттің сараптама нәтижелері бойынша бекіткен электр энергиясының тарифтері туралы ақпарат қосымша жарияланатын болады.

№454

Маңғыстау облысының ветеринария басқармасының **«Ақтау қалалық ветеринарлық станциясы» КММ,** (БИН: 140 740 024 446) өзінің таратылатынын хабарлайды.

Шағымдар жарияланған күннен бастап **екі ай ішінде** қабылданады.

Ақтау қаласы, 3-ш/а, 74-ғимарат. Телефон: 87013018690

№453

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жобаның атауы **«Қаражанбас» МАС. Қазандық құрылысы».**

Әсер ету аумағы Түпқараған ауданы, с. Таушық Географиялық координаты 44°20′25″с. ш., 51°21′03″в. д.

Өтетін орны: Түпқараған ауданы, с. Таушық, мәдениет үйі ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдау: 2026 жыл 29 қазан сағат 15.00-де өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: Zoom конференциясы қосылады **https://us04web.zoom.us/j/73885015777?pwd=lzS0o4alO3r4ckMw7bLbGGlzhZbH6b.1**

Конференция идентификаторы **738 8501 5777**

Қолжетімділік коды **0VdqUTr**

Аталған істің бастамашысы «ҚазТрансОйл» АҚ ММҚБ, БИН: 970540000107, Тел 87292479254

Өңдеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӘО Филиалы, Ақтау қ. СЖБ, БИН: 000941000473, Өкілі Канатбаева Г, тел.87292479369, эл.пошта Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz

Жобалық құжаттама ақпараттық жүйеде https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco. Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай ақпараттық жүйеде https://ndbecology.gov.kz/ өткізетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жолданады. Ақпараттық жүйеде https://ndbecology.gov.kz/ сондай-ақ ЖАО « Маңғыстау обл. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ақтау қ, 14-ш/а, ғимарат 1 mangystautabigat@gmail.com

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратпен мына мекенжай бойынша Ақтау қ., 8-ш/а, 38 «Б» ғимарат және мына 479254 телефоны бойынша алуға болады.

Электрондық пошта Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы mangystautabigat@gmail.com.

№455

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ
8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында
8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

МҮГЕДЕКТІК ҚАЛАЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ: медициналық-әлеуметтік сараптама азаматтың ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАЙДЫ?

МҮГЕДЕКТІК ТЕК АДАМНЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ДИАГНОЗЫ НЕМЕСЕ АУРУЫНЫҢ БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БЕЛГІЛЕНБЕЙДІ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА АЗАМАТТЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН, ОРГАНИЗМ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУ ДӘРЕЖЕСІН ЖӘНЕ ОСЫ БҰЗЫЛЫСТАРДЫҢ АДАМНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ӘСЕР ЕТЕТІНІН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ БАҒАЛАЙДЫ.

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің орынбасары– Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №260 бұйрығымен бекітілген «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларымен» реттеледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптама кезінде бірінші кезекте не бағаланады?

Сараптама барысында адамның денсаулық жағдайы ғана емес, аурудың немесе жарақаттың салдарынан пайда болған организм функцияларының тұрақты бұзылыстары және олардың адамның тыныс-тіршілігін шектеу деңгейі ескеріледі.

Атап айтқанда:

- адамның өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігі;
- өздігінен жүріп-тұру қабілеті;
- бағдарлануы;
- қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;
- өзінің мінез-құлқын бақылауы;
- оқу мүмкіндігі;
- еңбек қызметін жүзеге асыру мүмкіндігі;
- күнделікті өмірдегі белсенділігі;
- техникалық және басқа да оңалту құралдарына қажеттілігі бағаланады.

Диагноздың болуы мүгедектікті белгілеуге жеткілікті ме?

Жоқ. Мысалы, азаматта белгілі бір созылмалы аурудың болуы өздігінен мүгедектік тобы белгіленеді дегенді білдірмейді.

Медицналық-әлеуметтік сараптама ұсынылған медициналық құжаттарды, зерттеу нәтижелерін, емдеу және оңалту шараларын, сондай-ақ адамның функционалдық жағдайын қарайды. Егер ауру организм функцияларының тұрақты бұзылуына және адамның тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкелсе, бұл жағдайлар мүгедектікті белгілеу критерийлері тұрғысынан бағаланады.

Яғни шешім диагноздың атауына ғана емес, аурудың салдарына және адамның функционалдық мүмкіндіктеріне байланысты қабылданады.

Мүгедектік тобы қалай анықталады?

Мүгедектік тобы организм функцияларының бұзылу дәрежесіне және адамның тыныс-тіршілігінің шектелу деңгейіне қарай анықталады.

Қолданыстағы қағидаларда кейбір аурулар мен қайтымсыз ақаулар кезінде мүгедектік тобы мен еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеудің нақты критерийлері көзделген. Мысалы, белгілі бір ауыр және тұрақты функционалдық бұзылыстар бірінші немесе екінші топқа сәйкес келетін жағдайларға жатқызылуы мүмкін.

Бұл ретте әрбір азаматтың жағдайы жеке қаралады.

Мүгедектік мерзімсіз белгілене ме?

Кейбір жағдайларда мүгедектік қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленуі мүмкін. Мұндай жағдайларға қағидаларда көрсетілген қайтымсыз ақаулар мен аурулар, сондай-ақ организм функцияларының тұрақты әрі қалпына келмейтін бұзылыстары жатады.

Мерзімсіз мүгедектік белгілеу үшін заңнамада нақты критерийлер қарастырылған. Сондықтан мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуі де тек медициналық диагноздың атауына байланысты емес, белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

МӘС-тің тағы бір маңызды міндеті – оңалту қажеттілігін анықтау

МӘС барысында азаматтың әлеуметтік қорғау және оңалту шараларына қажеттілігі де анықталады.

Адамға қажет болған жағдайда техникалық оңалту құралдары, жүріп-тұру құралдары, протездік-ортопедиялық құралдар, санаторийлік-курорттық емдеу және басқа да оңалту шаралары бойынша ұсынымдар қалыптастырылуы мүмкін. Бұл ретте қажеттілік адамның нақты функционалдық мүмкіндіктері мен күнделікті өміріндегі шектеулеріне қарай анықталады.

МӘС-ке кім жолдайды?

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға азамат медициналық ұйым арқылы жолданады. Медициналық ұйымның дәрігерлік-консультациялық комиссиясы азаматтың медициналық жағдайын бағалап, қажетті тексерулер мен емдеу шаралары жүргізілгеннен кейін МӘС-ке жолдау мәселесін қарайды.

МӘС-ке ұсынылатын медициналық құжаттарда азаматтың денсаулық жағдайы, жүргізілген емдеу, аурудың динамикасы және функционалдық бұзылыстары туралы қажетті мәліметтер көрсетілуі тиіс. №260 бұйрықта МӘС жүргізу және қажетті құжаттарды ұсыну тәртібі белгіленген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Медициналық-әлеуметтік сараптаманың негізгі мақсаты – адамның диагнозын ғана анықтау емес, денсаулық жағдайының оның өмір сүруіне, күнделікті белсенділігіне, өзіне-өзі қызмет көрсетуіне және еңбек ету мүмкіндігіне нақты әсерін бағалау.

Сондықтан мүгедектікті белгілеу кезінде медициналық диагнозбен қатар организм функцияларының бұзылуы, тыныс-тіршіліктің шектелу деңгейі және азаматтың әлеуметтік қорғау мен оңалту шараларына қажеттілігі ескеріледі.

МӘС шешімі қолданыстағы заңнамада белгіленген медициналық-әлеуметтік критерийлер негізінде қабылданады.

319 ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында азаматтардың қажеттілігіне бағдарланған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Бүгінде әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі кеңінен дамып келеді. Бұл модель азамат пен мемлекеттік аппарат арасындағы өзара жауапкершілікті күшейтіп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде азаматтардың құқықтарын барынша қорғауға бағытталған.

Осы бағытта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты 319 қызмет алушының бұзылған құқығын қалпына келтірді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау жұмыстары департаментке түскен өтініштер бойынша жүргізілген жоспардан тыс тексерулер мен сұрау салулар, проактивті қашықтықтан бақылау, сондай-ақ «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүзеге асырылды.

Құқықтары қалпына келтірілген қызмет алушылардың басым бөлігінің өтініштері жер қатынастары және сәулет қала құрылысы салаларындағы мемлекеттік қызметтерге қатысты болды.

Жыл басынан бері департаментке барлығы 81 шағым келіп түсті. Жоспардан тыс тексерулер нәтижесінде 8 қызмет алушының, ал сұрау салулар арқылы 49 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Бір шағым – бір баланың білім алу құқығы

Мәселен, департаментке Ақтау қаласының тұрғыны баласын бірінші сыныпқа қабылдау мәселесі бойынша жүгінген.

Азамат жалпы білім беретін мектепке «Құжаттарды қабылдау және балаларды 1-сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш берген. Алайда білім беру ұйымы баланы бірінші сыныпқа қабылдаудан бас тартып, қабылданған шешімнің нақты себептерін көрсетпеген.

Қызмет алушы аталған шешіммен келіспей, департаментке шағымданған.

Шағым негізінде білім беру ұйымына жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде азаматтың уәждері расталды. Тексеру қорытындысы бойынша қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтіріліп, оның баласы жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына қабылданды.

Осылайша, департамент азаматтың заңмен қорғалатын құқығын қалпына келтіру бойынша тиісті шараларды қабылдады.

Проактивті бақылау да өз нәтижесін беруде департамент азаматтардың шағымын күтпестен, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына проактивті қашықтықтан бақылау жүргізеді.

Осындай бақылау нәтижесінде 95 қызмет алушының, ал «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүгінген 1 қызмет алушының бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Сонымен қатар анықталған заң бұзушылықтарға жол берген мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қатысты тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде 45 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жұмыстар мемлекеттік қызмет көрсету барысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуге, қызмет көрсетуші мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауға бағытталған.

Құрметті облыс тұрғындары! Мемлекеттік қызмет алу барысында заңнама талаптарының бұзылуына, қызмет көрсетуден негізсіз бас тартуға немесе белгіленген мерзімдердің сақталмауына тап болған жағдайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне немесе «EgovKzBot2.0» Telegram боты арқылы жүгіне аласыздар.

Мекенжай: Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 71-ғимарат, 2-қабат.

Байланыс телефондары: 8 (7292) 30-26-40, 8 (7292) 30-26-15.

Тоқтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Маңғыстау облысы
бойынша департаментінің басшысы
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

«МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРЛІК ЭЛЕКТРТОРАПТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ТАРИФТЕРІНІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАННАН БАСТАП ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

